

**2024 жылғы 1 мамырдан 2025 жылғы 1 мамырға дейін кезеңдегі
«Елорда даму» ЖШС қызметіндегі сыбайлас жемқорлық
тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 8-бабының «Мемлекеттік органдар, ұйымдар және квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдайды» 5-тармағына сәйкес, сондай-ақ, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес «Елорда даму» ЖШС (бұдан әрі - Серіктестік) Бас директорының 2025 жылғы 24 сәуірдегі № 25-вн бұйрығының негізінде кадр жөніндегі жетекші маман, комплаенс-офицер Б.К. Касен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді (2024 жылғы 1 мамырдан 2025 жылғы 1 мамырға дейінгі кезеңге).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау бағыты:

- 1) қолданыстағы құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 3) персоналды басқаруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 4) Мүдделер қатығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 5) Мемлекеттік қызметтер көрсетуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 6) Рұқсат беру функцияларын іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 7) Бақылау функцияларын іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 8) Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 9) Қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 10) Жасырын мемлекеттік қызметтерді анықтау.

1-міндет: Қолданыстағы құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2-міндет. Ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Серіктестіктің қызметі Қазақстан Республикасы Үкіметінің “Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы” 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №736 қаулысымен, “Астана қаласының авариялық үйлерін жаңарту және тұрғын үйлерін жаңғырту бағдарламасын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 1225 қаулысымен және «Инженерлік-көлік инфрақұрылымын қамтамасыз ете отырып, жинақы құрылыс және 2030 жылға дейінгі перспективамен 2023 жылға дейінгі игерудің бекітілген шекарасында тұрғын үйді кезең-кезеңмен бұзу жөніндегі бағдарламалар кешені (Реновация бағдарламасы)» қала құрылысы жобасын бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 30 мамырдағы № 510-987 қаулысымен реттеледі.

Осы нормативтік актілерде, сондай-ақ Серіктестіктің Жарғысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Талдау барысында бөлімдер туралы ережелер, мамандардың лауазымдық нұсқаулықтары да зерделенді. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен ережелерді талдау нәтижелері бойынша анықталған жоқ.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚР Заңын қамтамасыз ету және сақтау мақсатында Серіктестікте келесі жұмыстар жүргізілді:

1) Серіктестіктің лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты әзірленіп, бекітілді;

- Серіктестіктің барлық қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауы қамтамасыз етілді.

Серіктестік қызметкерлері ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында белгіленген талаптарды қатаң сақтауға міндеттенді.

2) Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Нұсқаулық әзірленді және бекітілді.

- Серіктестіктің барлық қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықпен таныстыру қамтамасыз етілді.

3) Серіктестіктің лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысын реттеу қағидалары әзірленіп, бекітілді.

Серіктестіктің барлық қызметкерлері жоғарыда аталған ережелерді адал сақтауға міндеттенетіндерін растады.

4) Серіктестіктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты әзірленіп, бекітілді.

Стандарттың мақсаты: сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеуге бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеу болып табылады.

5) Серіктестік қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібі әзірленді және бекітілді;

- Серіктестіктің барлық қызметкерлерін ақпараттандыру тәртібімен таныстыру қамтамасыз етілді.

6) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша түсіндіру және оқыту іс-шаралары өткізілді.

7) тоқсан сайын аудитория форматында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелерін жария ете отырып, кеңестер өткізіледі.

Оның қорытындысы бойынша Серіктестік қызметкерлері кеңесінің хаттамасы жасалды.

Талданған кезеңде барлығы 4 кеңес өткізілді.

Тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің сақталуына және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларының сақталуына Мониторинг жүргізіледі.

Серіктестік қызметкерлері ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында белгіленген талаптарды қатаң сақтауға міндеттенді.

«Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» № 4 үлгілік базалық бағыттың жобасын орындау шеңберінде Серіктестіктің басшылығы мен қызметкерлеріне құқық қорғау органдарымен және лаңкестікке қарсы комиссиямен жұмыс жөніндегі бөлім ұсынған «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» бейнеролигі көрсетіліп, Серіктестіктің ресми сайтында орналастырылды.

Бұдан басқа, құқықтық негіздерді, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында белгіленген тыйым салу, шектеулер мен талаптар жүйесіне қатысты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған ұйымдастыру шараларын жетілдіру тұрақты негізде жүзеге асырылады.

1) квазимемлекеттік секторда сыбайлас жемқорлыққа қарсы кешенді дамыту жөніндегі нормативтік құқықтық актілерде көрсетілген міндеттер уақтылы орындалады.

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен азаматтық-құқықтық шарттар, мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, іскерлік әдеп және парасаттылық нормаларының, адал бәсекелестік қағидаттарының қатаң сақталуы қамтамасыз етіледі.

Жоғарыда айтылғандардан басқа Серіктестікте Іскерлік этика кодексінің жобасы да әзірленді.

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы Үлгілік ереже бекітілгенін атап өту қажет, осыған байланысты Серіктестік сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс туралы Ереженің жобасын әзірледі.

Серіктестіктің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар анықталған жоқ.

2.1. Құқықтық нормалардың қайшылықтары мен бәсекелестігін анықтау.

Серіктестік өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» ҚР Заңын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, Серіктестік Жарғысын басшылыққа алады.

Серіктестік Қазақстан Республикасы Үкіметінің “Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы” 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №736 қаулысына, “Астана қаласының авариялық үйлерін жаңарту және тұрғын үйлерін жаңғырту бағдарламасын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 1225 қаулысына және «Инженерлік-көлік инфрақұрылымын қамтамасыз ете отырып, жинақы құрылыс және 2030 жылға дейінгі перспективамен 2023 жылға дейінгі игерудің бекітілген шекарасында тұрғын үйді кезең-кезеңмен бұзу жөніндегі бағдарламалар кешені (Реновация бағдарламасы)» қала құрылысы жобасын бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 30 мамырдағы № 510-987 қаулысына сәйкес қызметін жүзеге асыратын, мемлекет жүз пайыз қатысатын Астана қаласы әкімдігінің уәкілетті ұйымы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 1225 қаулысымен Астана қаласының авариялық және тұрғын үйлерін жаңғырту бағдарламасы бекітілді.

Осыған байланысты Серіктестіктің құрылтай құжаттарына тиісті өзгерістер енгізілді, Серіктестіктің негізгі қызметі "Астана қаласының авариялық және тұрғын үйлерін жаңғырту бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 1225 қаулысымен толықтырылды.

«Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» ҚР Заңына сәйкес уәкілетті органға Серіктестіктің құрылтай құжаттарына өзгеріс енгізу туралы хабарланды. Бұдан басқа, Серіктестіктің құрылтай құжаттарына көрсетілген өзгерістер Астана қаласы бойынша «Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің департаменті» РММ-мен келісілді.

Серіктестіктің негізгі міндеттері Серіктестіктің жарғысына енгізілген өзгерістерді ескере отырып Серіктестіктің негізгі қызметі болып табылады:

- тұрғындарды апатты тұрғын үйден көшіру үшін коммерциялық үй-жайлары мен паркингтері бар шағын габаритті тұрғын үй мен I-IV сыныпты жайлылықтағы тұрғын үйді жобалау мен салуды жүзеге асыра отырып, апатты (ескірген) тұрғын үй қорын жаңарту;

- Астана қаласында жобаны қайта инвестициялау мақсатында нарықта салынған тұрғын үй мен тұрғын емес үй-жайлардың бір бөлігін сату;

- апатты үй құрылыстарының меншік иелерін көшіру үшін Астана қаласының коммуналдық меншігіне салынған тұрғын үй мен тұрғын емес үй-жайлардың бір бөлігін тапсыруды қамтамасыз ету.

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 маусымдағы № 821 қаулысымен бекітілген, Кейіннен тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына трансформацияланған «Қолжетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасымен айқындалатын мақсаттар мен міндеттерге сәйкес қалалық ортаны реконструкциялауды ұйымдастыру, тозығы жеткен және апатты тұрғын үйлерді бұзу және Астана қаласының тұрғын үй қорын салу - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 736 Қаулысымен бекітілген және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 1225 қаулысымен бекітілген Астана қаласының апатты тұрғын үйлерін реновациялау және тұрғын үйлерін жаңғырту бағдарламасы.

Талдаумен мынандай НҚА қамтылды: «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» ҚР Заңы, «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңы, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету қағидалары.

Серіктестікте мемлекеттік сатып алу «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы ҚР Заңының және «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығына сәйкес 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін жүргізілді.

Алайда, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заң және «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығы күшіне енді.

Осыған байланысты Серіктестікте мемлекеттік сатып алу 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап жаңа заңның талаптары мен нормаларына сәйкес жүргізілді.

Әлеуетті өнім беруші ең төмен баға ұсынысы (баға ұсыныстарын сұрату негізінде) және сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары бойынша айқындалады. Шарт сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің төмен құнын ұсынған өнім берушінің баға ұсынысы бойынша жасалады. Жұмыстар мен қызметтерге жасалатын шарттар бойынша өнім берушіні таңдау критерийлері біліктілік пен жұмыс тәжірибесі болып табылады.

Біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін жеткізушілерді таңдау фактілері, қаржылық тұрақтылық және төленген салық көрсеткіштері болған жоқ.

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы электрондық түрде жүзеге асырылады, бұл өнім берушімен қандай да бір байланысты болдырмайды.

Әлеуетті өнім берушілердің «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 7-бабында белгіленген мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулерді бұзу жағдайлары белгіленбеген.

Нормативтік база Серіктестіктің мердігер ұйымдармен шарттық міндеттемелердің орындалуына мониторинг жүргізу, құрылыс жұмыстарының кестесін орындау, құрылыс объектілерін пайдалануға қабылдау, пайдалануға берілген объектілерді пайдаланушы ұйымдарға қабылдау-беруді жүзеге асыру, объектілерді салуға жер учаскелерін беру, жобалау-сметалық құжаттаманы тиісті органдармен келісу, жобалау-іздеу жұмыстарының құнын есептеуді орындауға тапсырма әзірлеу, жобалау-сметалық құжаттаманы сараптау және құрылыс саласына байланысты басқа да функциялар бойынша қызметін регламенттейді.

Орындалған жұмыстарды қабылдау актілері сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес техникалық және авторлық қадағалау қызметтері жұмыстардың көлемі мен сапасын орындағанын растағаннан кейін расталады.

2025 жылғы 1 қаңтардағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының негізінде мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жүргізіледі, оның нәтижелері бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарына электрондық шарттар жасалады.

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 09 қазандағы № 687 бұйрығының 2-параграфының 578-тармағына сәйкес шарттың орындалуы туралы құжаттар (тауарды қабылдау-беру актісі, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актісі, шот-фактура, жүкқұжат) электрондық нысанда ресімделеді.

Орындалған жұмыс көлемі үшін мердігер ұйымдармен есеп айырысу Тапсырыс берушінің қызметін ұйымдастыру және функциясын жүзеге асыру қағидаларын (бұдан әрі-қағидалар) бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 229 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу веб-порталында орындалған жұмыстардың актілерін қабылдау кезінде «төлем туралы акпарат» және «актілер» қойындыларында Мердігер ұсынған жұмыстардың сапасын, көлемін, бағасын және құнын авторлық және техникалық қадағалау өкілдерінің растау функционалы болмады (№2 нысан бойынша), бұл орындалған жұмыстар актілерін ресімдеу кезінде техникалық қадағалаудың, авторлық қадағалаудың және мердігер ұйымдар өкілдерінің байланыста болуына әкелді, бұл өз кезегінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне әкеп соғуы мүмкін.

Осыған байланысты, Серіктестік 05.10.2022 жылы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне мемлекеттік сатып алу веб-порталының функционалына тиісті өзгерістер енгізу мүмкіндігі туралы ұсыныс жолдады.

28.10.2022 жылы Қаржы министрлігінен мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор электрондық цифрлық қолтаңба арқылы орындалған жұмыстардың электрондық актісін растау үшін өнім берушінің авторлық қадағалау өкілін қосу (қажет болған жағдайда) бөлігінде мемлекеттік сатып алу веб-порталының функционалын пысықтауды жүзеге асырғаны туралы жауап алынды.

Осылайша, мемлекеттік сатып алу веб-порталында жеткізуші электрондық цифрлық қолтаңба арқылы орындалған жұмыстардың электрондық актісін растау үшін авторлық қадағалау өкілін қосу (қажет болған жағдайда) бөлігінде функционал іске асырылды.

Жүргізілген ішкі талдау барысында жұмыс тобы Серіктестіктің құрылыс саласындағы қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтаған жоқ («Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» ҚР Заңы, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету кағидалары).

Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу тікелей тауар өндірушілермен сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің мемлекеттік сатып алу порталында бекітілген тізбесі негізінде жүргізіледі. Белгілі бір тауарлар мен қызметтер болмаған жағдайда конкурс немесе баға ұсынысын сұрау жүргізіледі.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданыста болған редакцияда Серіктестік 2024 жылғы 1 мамырдан бастап 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін мынандай негіздер бойынша бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу шарттарын жасасуды жүзеге асырды:

- 39-баптың 3-тармағының 3-тармақшасы зияткерлік меншік объектілері болып табылатын тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алынатын тауарларға, көрсетілетін қызметтерге, сондай-ақ осы жобалау алдындағы немесе жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеген адамнан жобалау алдындағы немесе жобалау-сметалық құжаттаманы түзету жөніндегі жұмыстарға қатысты айрықша құқықтары бар адамнан сатып алу, Серіктестік 2024 жылғы 1 мамыр мен желтоқсан аралығында 5 (бес) шарт жасасты;

- 39-баптың 3-тармағының 36-тармақшасы, Қазақстан Республикасының заңдарында Серіктестік айқындаған тұлғадан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу, жоғарыда көрсетілген кезеңде 6 (алты) шарт жасалды.

- 39-баптың 3-тармағының 48-тармақшасы, күрделі құрылыс объектілерінің жобалық құжаттамасын әзірлеуді авторлық қадағалау, тиісті авторлардың күрделі құрылыс объектілерін салуды, реконструкциялауды

және күрделі жөндеуді авторлық қадағалау жөніндегі қызметтерді сатып алу, Серіктестік 2024 жылғы 2 жарты жылдықта 2 (екі) шарт жасасты.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыста болатын редакцияда Серіктестік 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 2025 жылғы 1 мамырға дейін мынандай негіздер бойынша бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу шарттарын жасасуды жүзеге асырады:

- 16-баптың 3-тармағының 28) тармақшасы, егер құндық мәндегі осындай біртекті тауарлардың жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жүз еселенген мөлшерінен аспаса, егер құндық мәндегі осындай біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін біртекті тауарларды сатып алу республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің мөлшері төрт мың еселенген мөлшерден аспаса.

Осы норма бойынша 2025 жылғы 1 қаңтардан 1 мамырға дейін талданатын кезеңде барлығы 3 (үш) шарт жасалды.

- 16-баптың 3-тармағының 1-тармақшасы, табиғи монополиялар салаларына жататын қызметтерді, сондай-ақ электр энергиясын кепілді жеткізушімен энергиямен жабдықтау немесе электр энергиясын сатып алу-сату қызметтерін сатып алу. Осы норма бойынша талданатын кезеңде барлығы 2 (екі) шарт жасалды.

- 16-баптың 3-тармағының 25) тармақшасы, Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған адамнан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу. Осы норма бойынша талданатын кезеңде барлығы 5 (бес) шарт жасалды.

-16-баптың 3-тармағының 34-тармақшасы күрделі құрылыс объектілерінің жобалық құжаттамасын әзірлеуді авторлық қадағалау, тиісті авторлардың күрделі құрылыс объектілерін салуды, реконструкциялауды және күрделі жөндеуді авторлық қадағалау, сондай-ақ осы жобалау алдындағы немесе жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеген адамнан жобалау алдындағы немесе жобалау-сметалық құжаттаманы түзету жөніндегі жұмыстарды сатып алу. Осы норма бойынша талданатын кезеңде барлығы 2 (екі) шарт жасалды.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес тауарлар OMarket арқылы сатып алынады, жүйенің өзі жеткізушіні анықтайды, сондықтан сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне негіз жоқ.

Жүргізілген ішкі талдау барысында жұмыс тобы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мәселелерінде серіктестіктің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтаған жоқ («Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңы, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары).

3-міндет: персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1. Серіктестіктің Құрылымы

Серіктестіктің құрылымы алты бөлімнен тұрады:

1. Бухгалтерия;
2. Жоспарлау-экономикалық бөлімі;
3. Заң бөлімі;
4. Сату және халықпен жұмыс бөлімі;
5. Мемлекеттік сатып алу бөлімі;
6. Өндірістік-техникалық бөлім.

Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелерінің функциялары бөлімдер туралы тиісті ережелермен реттеледі. Функциялар мен міндеттердің қайталануы, сондай-ақ Серіктестік бөлімдерінің қызметі арасындағы қайшылықтар анықталған жоқ.

2024 жылғы 1 мамырдан 2025 жылғы 1 мамырға дейінгі кезеңге талдау жүргізу кезіндегі нақты сан - 38 бірлік.

Бұл ретте, басшылық құрамның саны – 3 бірлік, басшы емес құрамның саны – 28 бірлік, өндірістік персонал - 7 бірлік.

Командалық қозғалысқа байланысты өзгергіштік анықталмады.

2024 жылғы 1 мамырдан 2025 жылғы 1 мамырға дейін жұмыстан босатудың 7 (жеті) фактісі тіркелді (өз еркімен).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде Серіктестік қызметкерлерін заңсыз жұмыстан шығару анықталған жоқ.

Қызметкерлердің жеке істері, оның ішінде біліктілік (дипломдар) беріле отырып, жоғары не кәсіптік және техникалық білімінің бар екендігін куәландыратын құжаттар тексерілді, оның барысында барлық қызметкерлердің тиісті салалардың уәкілетті органдарының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетіндігі анықталды.

Қызметкерлердің жеке істерінде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің ақпараттық-анықтамалық есебіне сәйкес соттылығының жоқтығы туралы анықтамалар бар екені анықталды.

Сотталмағандығы туралы анықтамаларға сәйкес Серіктестік қызметкерлерінің ешқайсысында қылмыстық істері үшін соттылығы немесе өтелмеген соттылығы жоқ, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауаптылыққа тарту туралы мәліметтер жоқ.

Талданған кезеңде серіктестіктің 2 қызметкері қауіпсіздік техникасы бойынша біліктілікті арттыру курстарында оқудан өтті.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылған және осы кезеңде теріс себептермен жұмыстан шығарылған жоқ.

Серіктестіктің барлық қызметкерлері «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мүлтіксіз сақтайды, кәсіпорын қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің

алдын алуға, сондай-ақ Серіктестік қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қолданудың тиімділігін арттыруға бағытталған жұмыстар үнемі жүргізіледі.

4-міндет. Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Серіктестіктің қызметін зерделеу кезінде мүдделер қақтығысының болуына талдау жүргізіледі.

Жақын туыстарының, жұбайларының, жекжаттарының қызметтік міндеттерін орындау кезінде тікелей бағыныста болу фактісі анықталған жоқ. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 14-бабының талаптарын бұзу қарастырылмайды.

Серіктестікте Бас директордың 15.06.2022 жылғы № 33-вн бұйрығымен Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мүдделері қақтығысын реттеу ережесі бекітілді. Қызметкерлер ережелермен қол қою арқылы танысты.

Серіктестік қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы бұзу қарастырылмайды, мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

5-міндет. Мемлекеттік қызмет көрсетумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Серіктестік Мемлекеттік қызмет көрсетпейді.

6-міндет. Рұқсат беру функцияларын іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Серіктестік рұқсат беру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырмайды.

7-міндет. Бақылау функцияларын іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Серіктестік бақылау функцияларын жүзеге асырмайды.

8-міндет. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік сатып алу порталын пысықтау нәтижесінде техникалық қадағалау бойынша қызметтер көрсету жөніндегі аккредиттелген ұйым ретінде Тапсырыс беруші ұйымды таңдау мүмкіндігін алып тастады.

Осыған байланысты Серіктестік порталда орындалған жұмыстар актісін келісу үшін техникалық қадағалау сарапшысын таңдау кезінде ҚР Қаржы министрлігіне сұрау салуды жолдады www.goszakup.kz Тапсырыс берушінің ұйымын таңдау мүмкін емес.

Серіктестіктің сұрауында әзірлеушіге порталды әзірлеушілердің бұл әрекеттері "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" ҚР Заңына қайшы келетіндігі және Серіктестіктің Астана қаласында авариялық (ескі) тұрғын үй қорын жаңарту жөніндегі жобаны іске асыру жөніндегі қызметін жүзеге асыруға кедергі келтіретіндігі көрсетілген.

Тапсырыс берушінің объектілерді салу кезінде техникалық қадағалауды дербес жүзеге асыру құқығы "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" ҚР Заңының 34-1-бабының 2-тармағында көзделген. Серіктестік жауапкершіліктің бірінші деңгейдегі объектілерінде техникалық қадағалау жөніндегі аккредиттелген ұйым болып табылады (нөмірі KZ40VWC00217058 2022 жылғы 21 шілдедегі). Серіктестік штатында құрылыс объектілеріне бекітілген аттестатталған сарапшылар бар. Серіктестік пен сарапшылардың заңнама талаптарына сәйкестігі туралы ақпаратты сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган растайды және техникалық қадағалау және техникалық тексеру жөніндегі аккредиттелген ұйымдардың тізілімінде көрсетіледі. Мұндай жағдайларда серіктестіктің техникалық қадағалау сарапшыларының порталда келісудің техникалық мүмкіндігін берудегі құқықтарын шектеу www.goszakup.kz орындалған жұмыстар актілері Қазақстан Республикасының Конституциясымен және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексімен кепілдендірілген кәсіпкерлік құқықтары мен бостандықтарын өрескел бұзу болып табылады.

Орындалған жұмыстардың актілерін келісудің техникалық мүмкіндігінің жоқтығы құрылыс-монтаж жұмыстарын орындауға арналған барлық шарттар бойынша қаржыландыруды камтамасыз етуге мүмкіндік бермейтінін ескере отырып, бұл өз кезегінде мердігерлердің жалақысын, жеткізілген құрылыс материалдары мен қосалқы мердігерлер орындаған жұмыстар үшін ақы төлеу мүмкінсіздігіне әкеп соғады.

Осыны ескере отырып, Серіктестік www.goszakup.kz техникалық қадағалау қызметтерін жеткізуші ретінде Тапсырыс берушіні таңдау үшінқысқа мерзімде порталдағы заңсыз кедергілерді жоюды сұрады.

27.07.2023 жылы ҚР Қаржы министрлігінен (05.07.2023 ж. № 24-02-24/6770 КДС хат) "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – заң) 34-1-бабының 2-тармағына сәйкес техникалық қадағалауды тапсырыс беруші дербес және (немесе) сәулет, қала құрылысы саласында инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыру құқығына тиісті аттестаты бар сарапшыларды тарта отырып жүзеге асырады және қолданыстағы қызмет нормативтеріне сәйкес объектілерді салуға арналған жобалау-сметалық құжаттамада көзделген қаражат есебінен құрылыс қызметін жүзеге асырады деген жауап алынды.

Сондай-ақ, Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастыру және функцияларын жүзеге асыру қағидаларының 11-тармағының 6) тармақшасына сәйкес штатта аттестатталған сарапшылар

болған кезде техникалық қадағалауды тапсырыс беруші дербес жүзеге асыратыны анықталды.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, "Елорда даму" ЖШС өз штатында аттестатталған сарапшылары бар техникалық қадағалау жөніндегі аккредиттелген ұйым ретінде техникалық қадағалау қызметтеріне мемлекеттік сатып алуды өткізбей-ақ техникалық қадағалауды жүзеге асыруға құқылы.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде техникалық қадағалау қызметтерін көрсетуге тиісті аккредиттеу болған кезде тапсырыс берушілер техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметтерді дербес көрсетуге құқылы.

Бұдан басқа, ҚР ҚМ техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметтер көрсету бойынша аккредиттелген ұйым ретінде Тапсырыс берушінің ұйымын таңдау мүмкіндігін беру бөлігінде мемлекеттік сатып алу веб-порталының функционалын пысықтау бойынша жұмыс жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Қазіргі уақытта Серіктестік мемлекеттік сатып алу веб порталында пысықталып, техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметтер көрсету жөніндегі аккредиттелген ұйымның қызметін жүзеге асырады.

14.04.2023 жылы ҚР Қаржы министрлігінен конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшем теріс мәндер түрінде мемлекеттік сатып алуды шағын, орта және ірі бизнес субъектілері арасында табиғи түрде бөлуге мүмкіндік беретіні туралы жауап алынды.

Серіктестікке келіп түсетін өтініштерді қарау бойынша жұмыс Қазақстан Республикасының 29.07.2020 жылғы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне қатаң сәйкес жүргізіледі.

Талдау жүргізу кезінде 2024 жылғы 1 мамырдан бастап 2025 жылғы 1 мамырға дейін Серіктестікке жеке тұлғалардан 380 хат және 228 өтініш келіп түсті.

Серіктестіктің атына келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың барлық өтініштері уактылы тіркеледі, өңделеді, орындалады және бақыланады. Барлық өтініштер бойынша жауаптар уактылы беріледі, қойылған сұрақтарға түсініктемелер беріледі.

«Қалалық мониторинг және жедел ден қою орталығы» МКК (iKomek қызметі) және e.Otinish арқылы келіп түсетін өтініштерді пысықтау бойынша жұмыс жүргізілуде.

Серіктестік жұмысының барлық кезеңінде азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы орындауға байланысты Серіктестік басшылығының әрекеттеріне шағым түскен жоқ.

Азаматтарды қабылдау белгіленген регламентке сәйкес бекітілген кесте бойынша апта сайын жүзеге асырылады.

Жүргізілген ішкі талдау барысында жұмыс тобы Серіктестіктің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтаған жоқ.

9-міндет. Қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Бухгалтерлік есепті жоспарлауды ұйымдастыру

Бухгалтерлік есеп бөлімінің негізгі міндеті бухгалтерлік есепті ұйымдастыру, Серіктестіктің қаржылық жағдайы туралы толық және сенімді ақпаратты қалыптастыру болып табылады. «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234 Заңымен, ҚЕХС стандарттарымен, салық және есеп саясатымен реттеледі. 2024 жылғы қаржылық есептілікке аудит жүргізілді.

Бюджет қаражатын пайдалану заңнамаға сәйкес қатаң сақталады, бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін бақылау тұрақты жүзеге асырылады, сондай-ақ бюджет қаражатын жоспарлау, негізгі қаражаттың, тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуы мен есептен шығарылуы, бухгалтерлік есеп пен есептіліктің жай-күйі бойынша қолданыстағы заңнаманың және ҚР басқа да құқықтық актілерінің талаптарына сәйкестігіне бақылау жүргізіледі. Салық міндеттемесін орындау үшін тоқсан сайын серіктестіктің қызметіне байланысты салық есептері тапсырылады. Бухгалтерия салық міндеттемесінің орындалуын, әлеуметтік төлемдерді шегеру, ұстап қалу және аудару жөніндегі міндеттерді есепке алады. Ай сайын жалақы бойынша міндетті салықтар есептеледі және аударылады.

"Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" ҚР Заңының 59-бабына сәйкес Серіктестіктің қаржылық есептілігінің дұрыстығын, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жай-күйін тексеру және растау үшін Серіктестік жыл сайын сыртқы аудит жүргізеді.

Аудиторлық қорытынды негізінде Серіктестік қаржылық есептілікті қаржылық есептілік депозитарийіне тапсырады.

Мәселен, "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" 28.02.2007 жылғы ҚР Заңының 19-бабының 7-тармағына сәйкес жария мүдделі ұйымдар қаржылық есептілікті қаржылық есептілік депозитарийіне тапсыруға міндетті.

"Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" 28.02.2007 жылғы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 7) тармақшасына сәйкес жария мүдделі ұйым қаржылық капиталдарында мемлекеттің қатысу үлесі бар ұйымдар болып табылады, себебі Серіктестік мемлекеттің 100% қатысатын кәсіпорын болып табылады, тиісінше жария мүдделі ұйым болып табылады.

Бұдан басқа, қаржылық есептілікке енгізілетін деректердің ашықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету үшін серіктестік жыл сайын мүлікке түгендеу жүргізеді.

Мүлікке (активтерге) жүргізілген түгендеу негізінде көрсетілген деректер Мемлекеттік мүлік тізіліміне енгізіледі.

"Мемлекеттік мүлік туралы" ҚР Заңының 200-бабының 6-тармағына сәйкес мемлекеттік заңды тұлғалар осы есепке алу объектілерін мемлекеттік мүлік тізіліміне енгізуді, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті паспорттау мен қайта бағалауды түгендеуді жүргізуді қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік мүлікті түгендеу мемлекеттік мүліктің нақты болуын анықтауды, сондай-ақ есепке алынбаған және бекітілмеген мемлекеттік мүлікті анықтауды және оны мемлекеттік заңды тұлғаларға одан әрі бекітуді қамтамасыз етуге тиіс.

Бөлімнің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау бөлім қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің анықталмағанын көрсетті.

Жоспарлау-экономикалық бөлім Серіктестік қызметіндегі шығындар мен кірістерді жоспарлаумен, бағдарламаларды әзірлеуді, экономикалық дамудың перспективалық және қысқа мерзімді болжамдарын ұйымдастырумен айналысады. Жасалған шарттарға сәйкес Серіктестіктің барлық қызмет түрлері бойынша ағымдағы жоспарларының жобаларын, сондай-ақ оларға негіздемелер мен есептеулерді дайындайды. Жоспарлы тапсырмаларды Серіктестік бөлімшелеріне жеткізуді қамтамасыз етеді. Бухгалтериямен бірлесіп өндірістік-шаруашылық қызметтің нәтижелерін есепке алу және талдау жөніндегі жұмысты әдістемелік басқаруды және ұйымдастыруды, ұтымды есепке алу құжаттамасын әзірлеуді жүзеге асырады.

Серіктестік бюджетін жоспарлау Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы № 14 бұйрығымен бекітілген нысандарға сәйкес әзірленетін бес жылдық кезеңге арналған Даму жоспарына (2022-2026 жылдардың ағымдағы кезеңі) сәйкес жүзеге асырылады.

Даму жоспары мен даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті Серіктестіктің Байқау кеңесі бекітеді.

Қағидаларға сәйкес жергілікті атқарушы органдардың ведомстволық бағынысты ұйымдары Қағидаларға қосымшаларға сәйкес нысандарға, көрсеткіштерге және құрылымға сәйкес қолданыстағы бес жылдық даму жоспарларының көрсеткіштерін және олардың орындалуы жөніндегі есептерді мемлекеттік мүлік тізіліміне енгізуді қамтамасыз етеді.

Кәсіпорынның 2024 жылғы қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындысы бойынша Серіктестік 490,2 млн.теңге мөлшерінде пайда алды. Серіктестіктің 2025 жылға арналған даму жоспарына сәйкес 2025 жылдың қорытындысы бойынша жоспарланған пайда сомасы 116 млн.теңгені құрайды.

Тауарларды сатып алу, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету үшін ақы төлеу тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметіне байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

10-міндет. Жасырын мемлекеттік қызметтерді анықтау.

Серіктестік жасырын қызметтерді көрсетпейді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде комплаенс-офицер мыналарды ұсынады:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларының сақталуына мониторингті жүзеге асыру.

2. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау мәселесін тұрақты негізде ерекше бақылауда ұстау.
3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың профилактикасын насихаттау жөніндегі жұмысты тұрақты негізде жүргізу, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық үшін алғышарттар тудыратын қайшылықтарды, олқылықтарды, қайшылықтарды жою тұрғысынан Серіктестік қызметі бойынша заңнамаға талдау жүргізу қажет.

Бас директордың м.а.

Чайка Е.Ю.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс-қызметінің жауапты қызметкері



Касен Б.К.